



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 2 (101)

Астана
2023

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексенәліұлы	– PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылық	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	- доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	- филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	- PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Doctor of historical sciences, professor, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналиевич	– PhD доктор (председатель коллегии) (Казахстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD доктор (Казахстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD доктор (Казахстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD доктор (Казахстан)
ҚАРА Әбдуақап	– Доктор, профессор (Турция)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (США)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– доктор филологических наук, профессор (Киргизстан)
Радивожевич Мильяна	– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Тарих / History / История

Гиззатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал губерниясындағы ашаршылық: себептері, жүру барысы және зардаптары.....	
Gizzatov S.M. Famine in the Ural province of 1921-1922: causes, stages and consequences.....	
Гиззатов С.М. Голод в Уральской губернии 1921-1922 гг.: причины, стадии и последствия	6

Археология / Archaeology / Археология

Байғалиев Ж.Р. Батыс Қазақстанның ортағасырлық қалаларындағы кан арналары және суфалар...	
Baigaliyev Zh. R. Kan canals and sufas in medieval cities of Western Kazakhstan...	
Байғалиев Ж.Р. Каналы кан и суфы в средневековых городах Западного Казахстана.....	24

Этнология / Ethnology / Этнология

Бейсегулова А.К. Өзбекстан және Түркия қазақтары арасындағы ұлттық құндылықтар мен мәдени мұралар: қолданылуы мен қастерлеу деңгейі.....	
Beysegulova A.K. National values and cultural heritage between kazakhs of Uzbekistan and Turkey: the level of use and storage.....	
Бейсегулова А.К. Национальные ценности и культурное наследие между казахами Узбекистана и Турции: уровень использования и хранения.....	33
Рахимов Е.К., Искаков Қ.А. Музейлік этнографияның өзекті мәселелері.....	
Rakhimov Y., Iskakov K. Current problems of museum ethnography.....	
Рахимов Е.К., Искаков К.А. Актуальные проблемы музейной этнографии.....	54

Байбосынова Ү.М. Сыр бойы қазақтарының дәстүрлі эпикалық шығармаларындағы ислам тақырыбы..	
Baibosynova U.M. Islam in the traditional epic works of kazakhs throughout Syrdarya...	
Байбосынова У.М. Ислам в традиционных эпических произведениях казахов Сырдарьи.....	67

Сайлау А., Жалғасбайқызы Л. Сыр бойындағы ислам құндылықтары.....	
Сайлау А., Жалғасбайқызы Л. Ценности ислама региона Сырдарьи.....	
Sailau A.K., Zhalgasbaikyzy L. Islamic values of the Syr region.....	87

Музейтану / Museology / Музееведение

Ақжасарова А.К., Жұмағұлова Қ.Б. ҚР Ұлттық музейінің қорларындағы Ж. Тәшеневтің жеке заттарының топтамасы.....	
Akzhasarova A.K., Zhumagulova K.B. Collection of personal belongings of Zh. Tashenev in the national museum funds.....	
Ақжасарова А.К., Жұмағұлова Қ.Б. ҚР Ұлттық музейінің қорларындағы Ж. Тәшеневтің жеке заттарының топтамасы.....	103

Өнертану / Art history / Искусствоведение

Батырева К.П., Батырева С.Г. Образ учителя Зая-пандиты в изобразительном искусстве Калмыкии..	
Batyreva K.P., Batyreva S.G. Kalmaq bейнелеу өнеріндегі Зая-пандита ұстаздың бейнесі.....	
Batyreva K.P., Batyreva S.G. The image of the teacher Zaya-pundita in the visual arts of Kalmykia.....	109
Ақсақалова Ж.А. Қазақ хандығы тарихының кескіндеме өнеріндегі көрінісі.....	
Aksakalova Zh.A. Reflection in the visual arts of the history of the kazakh khanate.....	
Аксакалова Ж.А. Отражение в изобразительном искусстве истории казахского ханства.....	122

Тұлғалар / Personalia / Персоналии

Мұхтар Қожа Өзбекәлі Жәнібековтің үш хаты.....	
Mukhtar Kozha Uzbekali Dzhaniibekov 's letters.....	
Мұхтар Қожа Письма Узбекали Джанибекова.....	136

Біздің музей / История нашего музея / History of our museum

Нурахметова Г.Б. Предыстория появления музеев в Павлодарском Прииртышье.....	
Нурахметова Г.Б. Павлодардағы Ертіс өңірінде музейлердің пайда болу тарихы.....	
Nurakhmetova G.B. History of the emergence of museums in the Irtysh region in Pavlodar.....	145

FTAMP: 21.15.47

***Сайлау А.,¹ Жалғасбайқызы Л.¹**¹Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

Қызылорда қ., Қазақстан

*e-mail: askhat.saylau@mail.ru

СЫР БОЙЫНДАҒЫ ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Аннотация. Ғылыми мақалада 2023 жылы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Сыр бойындағы діни-ағартушылар мұрасын кешенді зерттеу» жобасы аясында музей қызметкерлері тарапынан зерттеліп, алдағы уақытта ғылыми айналымға енетін Ислам дінінің сопылық бағытындағы өзіндік орны бар Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы (1848-1921 жж.), Марал ишан Құрманұлының тікелей ұрпағы Әмит (Абдулхамид) ишан Әбдірахманұлы (1905-1961 жж.), XIX-XX ғғ. Қазақ даласында зор беделге ие болған Қалжан ахун Бөлекбайұлының (1862-1916 жж.) пайдаланған араб, парсы, шағатай тілдеріндегі кітаптарының жалпы мазмұны туралы деректер қамтылған. Бұлар осы уақытқа дейін жеке адамдар мен музей қорында сақталған Мұхаммед Мұхиуддин Аурангзеб Аламгирдің «Фатауа Аламгир», Масуд ибн Махмуд ибн Юсуф әс-Самарқандидің «Салоти Масуди», Сағди Ширазидің «Гүлстан», Шейх Әли әл-Қаридің «Джам'аль-уасайль фи шарх аш-Шамаиль», Мұхаммед Мұрад Рамзидің «Талфик аль-Ахбар», Имам әл Бәззаяның «Аль-Джами Уальджуз», Лутфулла ән-Насафи әл-Киданидің «Хуласи аль-Кидани», Убайдулла әл-Махбубидің «Мұхтасар әл-уахая фи масаил әл-хидая», Әл-Халабидің «Халабисағир», «Мултака ал-Абхур», Мұхаррам ибн Мұхаммед аз-Зайлидің «Хадиййат ас-салук фи шарх тухфат аль-мулюк» атты еңбектері

Кілт сөздер: Тапал ахун, Әмит ишан, Қалжан ахун, Салоти Масуди, Гүлістан, Талфик аль-Ахбар.

Кіріспе

XIX-XX ғасырлар тоғысында Орталық Азия тарихында Ислам дінінің орны өте күшті болды. Осы кезеңде Нақышбандия, Яссауия сопылық бауырластықтар негізінен Түркістан өлкесінде кеңінен тарады. Сыр бойындағы Перовск және Қазалы уездері қазақтарының

Бұхарамен, әсіресе Хиуамен рухани байланысы күшті болды. Сыр бойында Ислам діні өкілдерін жалпы «софылар» деп атады.

XIX ғасырда Ресей империясының отарлау саясатының бір бағыты жергілікті қазақтарды шоқындыру болды. Бұл науқан кеңінен жүргізіліп,

шоқынған қазақтар бірқатар жеңілдіктерге ие болды. Осы саясатқа қарсы Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Хиуа қалаларында діни білім алған ахун-ишандар жергілікті жерлерде мешіт-медреселер ашып, дәстүрлі дінімізді сақтап қалуға зор еңбек сіңірді. Кейін олар Кеңес өкіметі тарапынан аяусыз саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Өкінішке орай жүздеген дін өкілдерінің (ишандар мен ахундар) мұрасы түгел сақталмады. Тек ұрпақтарының жасырын сақтаған санаулы діни қайраткерлердің дүниесі бізге жетіп отыр. Осы орайда 2023 жылы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі «Сыр бойындағы діни-ағартушылар мұрасын кешенді зерттеу» жобасын жүзеге асыруда. Жобаның мақсаты – Сыр бойындағы діни қайраткерлердің пайдаланған кітаптары мен қолжазбаларының электронды көшірмесін жинақтау, зерттеу және насихаттау. Жоба бойынша Қызылорда облысы, Сырдария ауданында XIX–XX ғғ. өмір сүрген Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы (1848-1921 жж.), Қалжан ахун Бөлекбайұлының (1862-1916 жж.), Қармақшы ауданында Әмит ишан Әбдірахманұлы (1905-1961 жж.), Қалжан ахун Бөлекбайұлы (1862-1916 жж.) пайдаланған кітаптарының музей қорына электронды көшірмесі алынып, жалпы мазмұны араб, парсы, шағатай тілдерінен Египеттегі Әл-Азһар университетінің дінтанушы-ғалымы Мәлік Төлебай арқылы тәржімаланып, облыстық «Сыр бойы» газеті тарихи-танымдық мақала ретінде жарияланып келеді.

Тапал ахунның мұрасы

Жобаның барысында Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылында сақталған XIX – XX ғғ. қазақ даласындағы діни-ағартушылар арасында өзіндік орны

бар тарихи тұлғалардың бірі Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлының (1848-1921 жж.) мұрасының көшірмесі алынды. Тапал ахун 1848 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Ахунның бойы аласа болғандықтан ел арасында Тапал аталған. Жастайынан зеректігімен көзге түсіп, Бұқарадағы Мір-Араб медресесінде діни білім алып, елге оралғаннан кейін Шіркейліде мешіт салдырып, бала оқытады. Білімділігімен халық арасындағы жер дауы, жесір дауы т.б. дауларды шешіп отырған. Әділдігінің арқасында атағы жайылады (Қосанов, 2019: 135).


Ахунның қасиеті туралы мынадай аңыз әңгіме бар: Нұрмағанбет оқуын аяқтар кезде Қожабай ахун олардан емтихан алыпты. Сонда үш шәкіртін қатар отырғызып қойып, төрт сұрақ беріпті. Үшеуінің де жауабы дұрыс болмаған. Сонда Қожабай ахун қасындағы көмекшісіне далада көп баланың ішінде ойнап жүрген бойы аласа, бетінің шешек дағы бар баланы алдыма алып кел депті. Көмекші әлгі баланы ұстаз алдындағы үш баланың қасына төртінші етіп отырғызады. Нұрмағанбетке төрт сұрақ қояды. Төрт сұрақтың жауабын іркілместен айтып береді. Оған сондай риза болып, көңілі толған Қожабай ахун орнынан ұшып тұрып, «Тапалым, жарайсың!» – деп басынан сипаған екен (Қосанов, 2019: 135).

Тапал ахун сол кездегі қазақ даласындағы саяси оқиғаларға белсене араласып отырған. Оның дәлелі Торғай даласындағы 1916 жылы Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық көтеріліске жетекшілік еткен Амангелді Имановқа соғыстың әділдігін дәлелдеп, пәтуа бекітеді (Сайлау, 2023; 42-43).

Қазіргі таңда Тапал ахунның тікелей ұрпағы Насырадин Пахрадиновтың

қолында 40-тан астам араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған сирек кездесетін кітаптар сақталған. Ел аузындағы деректерде кітаптардың осы уақытқа дейін жақсы сақталуына Тапал ахунның келіні Күләштің еңбегі зор екені айтылады. Кітаптардың көпшілігі Шіркейлінің ауылдық кітапханасының меңгерушісі Л. Әбдіраймованың бастамасымен ауылдық кітапхана мен аудандық деңгейдегі көрмелерде халық назарына ұсынылып келеді. Музейлік жоба аясында Тапал ахунның төрт кітабының электронды көшірмесі алынды. Египеттегі Әл-Азһар университетінің дінтанушы ғалымы, Төлебай Мәліктің бірлесе атқарған зерттеулерінің нәтижесінде кітаптар XIX–XX ғғ. Ресей, Өзбекстан, Үндістан және Египет елдерінің баспаханаларында жарық көрген «Фатауа Аламгир», «Салоти Масуди», «Гүлістан», «Джам'аль-уасайль фи шарх аш-Шамаиль» деген атаулары мен жалпы мазмұндары белгілі болды.

«Фатауа Аламгир» – мұсылман елдерінде қосымша «Әл-Фатауа әл-Индия» деп аталады (сур. 1). Кітаптың негізгі мазмұнына Исламдағы шариғат заңдары, жалпы этика, әскери стратегия, экономикалық саясат кірген. Тарихи деректерге сүйенсек еңбектің шығуына Ұлы Моғол империясының даңқты падишаһы Мұхаммед Мұхиуддин Аурангзеб Аламгир ықпал жасаған. Аурангзебтің арнайы жарлығымен Ауғанстан, Иран, Сирия, Араб елдерінен Ислам заңдарының 500-ге жуық сарапшысын жинап, құрастырған деген деректер бар. Кітап бастапқыда әртүрлі тілдерде 30 томды қамтыған, бірақ қазіргі басылымдарда 6 томға біріктірілген. Көлемі – 240 бет. Кітап XIX ғасырдың аяғында Египеттегі Маймана баспасында жарияланған.




Сур. 1. «Фатауа Аламгир» кітабы.
Каир баспасы. XIX ғ.

Зерттеушілер 1658-1707 жж. аралығында билік жүргізген Аурангзеб өте бай әрі қуатты Моғолстанның билеушісі болғанымен өте қарапайымдылығымен ерекшеленген. «Фатауа Аламгир» бүкіл Моғол империясында сот құқығының негізі ретінде қолданылып, кейін Үндістанды отарлаған ағылшындар тарапынан «Мұхаммедтің заңы» деп аталған.

«Салоти Масуди» – Орталық Азияда кең таралған ханафи ағымындағы барлық мұсылмандардың күнделікті өміріне арналған кітап болып табылады (сур. 2). Еңбектің авторы XIII-XIV ғғ. Орта Азиядан шыққан ғалым Масуд ибн Махмуд ибн Юсуф әс-Самарқанди. Кітап 1900 жылы



Сур 2. «Салоти Масуди» кітабы.
Бомбей баспасы. 1900 ж.



Сур 3. «Гүлістан» кітабы.
Ташкент баспасы. XIX ғ.

Үндістандағы Бомбей баспасынан жарық көрген. Көлемі – 193 бет. Кітап 3 томнан тұрады, мазмұнының басым бөлігі намазға арналғандықтан 1,2-томдарда намаз және оған қатысты мәселелер сипатталса, ал 3-томында зекет, ораза, қажылық, неке, талақ, құрбан шалу, сату, мұрагерлік, өсиет және т.б. қамтылған. Масуд әс-Самарқандидің «Салоти Масуди» еңбегінің құндылығы шариғат институттары мен өмірлік мәселелерге толығымен арналып, ерекше ғылыми стильде жазылған. Кітапқа беделді 84 діни басылымдар, белгілі 125 сахабадан жеткен хадистер, 129 имамның өсиет әңгімелері жинақталған. Кітапта автор әртүрлі жалған ағымдардың құқықтық

мәселелерін шешу барысында өз пікірін білдірген. Осының нәтижесінде еңбек анағұрлым мазмұнды, үйренуге оңай, ғылыми тұрғыдан дәлірек құралға айналған.


«Гүлістан» – проза жанрында жазылған еңбек (сур. 3). Кітаптың авторы ортағасырлардағы әйгілі парсы әдебиетінің классигі Мұслихиддин Әбу Мұхаммед Абдуллах ибн-Мушрифаддин, Сағди Ширази (1203 – 1292 жж.). «Гүлістан» шығармасының жалпымазмұныелбилеушілерменхалық бұқарасы туралы, тәлім-тәрбие, әдептілік мәселелерін қозғайтын 8 тарауды қамтиды. 1258 жылы осы шығарманы бітіргеннен кейін ақын Шираздың

билеушісі Әбу Бәкр ибн Сағдиге сыйға тартады. Кітап XIX ғ. аяғында Ташкент қаласындағы О.А. Порцеваның типо-литографиясынан жарыққа шыққан. Кітаптың көлемі – 120 бет. Қазіргі уақытта зерттеушілер Алтын Орда әдебиетінің жауһары саналатын Сайф Сарайидің атақты «Гүлістан бит-турки» атты дастаны, Сағдидің «Гүлістанының» шығармашылықпен өзгертілген нұсқасы деген дәлелдер келтіреді.

«Джам’аль-уасайиль фи шарх аш-Шамаиль» – Имам Әбу Исаат-Тирмизидің «әш-Шамайль әл-Мұхаммадия» атты хадистер жинағына түсініктеме (сур. 4). Еңбектің авторы Нүриддин Әбу-Хасан Әли ибн Сұлтан Мұхаммед әл-Қари әл-Харауи әл-Мәкки әл-Ханафи (1524 – 1605 жж.). Ислам әлемінде Шейх Әли әл-Қари деп аталған. Хадистер жинағы II том, 63 бөлімнен тұрады. Жалпы мазмұнында Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) өмірі мен сипаты баяндалған. Кітап XIX ғасырдың аяғында Египеттегі әл-Халаби баспасында жарық көрген. Көлемі – 247 бет. Тарихи деректерге сүйенсек ислам ғұламасы, заңгер, мұхаддис Шейх Әли әл-Қари 1524 жылы Ауғанстандағы Герат қаласында дүниеге келген. Жастайынан діни білім алып, әйгілі Шейх Муинуддин оған Құран Кәрімді көркем, әрі дұрыс оқуды үйреткен. Осы білімі мен біліктілігінің арқасында имам болып, ислам әлеміндегі ғылымдардың дамуына орасан зор үлес қосып, үлкен беделге ие болады. Шейх Әли әл-Қари Исламның ханафи ағымын ұстанады. 1605 жылы Мекке қаласында дүниеден өтеді.

Әмит ишан мұрасы

Жоба барысында Батыс Сібірдің бас имамы, XIX ғасырдың 30-40 жылдарында Ресей империясының отарлау саясатына қарсы Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысының рухани көсемі



Сур 4. «Джам’аль-уасайиль фи шарх аш-Шамаиль» кітабы.
Каир баспасы. XIX ғ.

болған Марал ишан Құрманұлының (1780-1847 жж.) үлкен ұлы Қалмұхаммед (Қалқай) ишанның немересі Абдулхамит ишан Әбдірахманұлының (1905-1960 жж.) пайдаланған кітаптары зерттелді.

Ел ішіндегі деректерде Әмит ишан туралы аңыз-әфсаналар жеткілікті түрде сақталған. Оның бірінде әкесі Әбдірахман мақсұм Меккеге қажылық сапарында атақты Осман сұлтаны II Абдулхамитпен бірге қажылық парызын өтейді. Әбдірахманның білімдарлығын мойындаған II Абдулхамит сұлтан Әбдірахман мақсұмға Осман империясының астанасы Стамбулда қалып, діни қызметпен айналысуына ұсыныс жасайды. Алайда, Әбдірахман

мақсұм сұлтанның бұл ұсынысын орындай алмайтынын білдіріп, рұқсат сұрап, елге қайтуға дайындалады. Қоштасар сәтінде Осман сұлтаны II Абдулхамит Әбдірахман мақсұмға достығының бір белгісі ретінде ұлына өз есімін беруге қолқа салады (Қосанов, 2019: 142).

Сөйтіп, Әбдірахман мақсұм 1905 жылы дүниеге келген ұлына азан шақырып Осман сұлтаны, Еуропа билеушілерін ірі саясаткер ретінде мойындатқан II Абдулхамит есімін қойған екен. Кейін халық «Әмит ишан» деп атап кетеді. Әмит ишан жастайынан Құран Кәрімді жүргізіп оқиды. Он үш жасқа келгенше Сыр бойындағы белгілі Убайдулла, Бәжім, Иманалы молдалардан, кейін өзінің әкесі Әбдірахман мақсұмнан діни дәріс алады.

Білімге өнерге өте құштар Әмит ишан одан әрі білімін жетілдіру мақсатында 1919 жылы Бұқарадағы Көгелташ медресесіне оқуға түсіп, медреседе алғырлығымен көзге түседі. 1926 жылы Бұқарадағы Көгелташ медресесін үздік тәмамдап, жан-жақты терең білім алып шығады. Араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін еркін игеріп, діни әдебиеттерді оқып, қазақ тіліне аударма жасайды. Өзінің терең де жан-жақты білімдарлығының арқасында діни білім мен медицинаны үйлестіру арқылы тәбиб ілімімен науқастарды шөптен жасалған дәрілермен, жүйке ауруларын дұғамен емдеп жазып жіберіп отырған.

Әмит ишанның аталас туысы Сүлеймен ишан: «Марал баба тірі кезінде: – келешекте менен құдіретім дарыған, кереметтерім мен қасиеттерімді қайталайтын ұрпақ келеді» деген. Осылайша Марал бабаның көрегендігі дәл келіп, шөбересі Әмит ишанға дарыды (Жалғасбайқызы, 2023:81).

Ел ішіндегі деректерде ишан кереметі туралы мынадай аңыз сақталған. Бірде аулада жүрген қалпесіне қарап:

– Анау тұрғанды көрдің бе? – депті.

Қалпе назарлап тіктей қараса, анадай жерде түрі жаман адам қорқатындай бір құбыжықты көреді.

– Былтырғы келген ауру әйелді білесің бе? Бұл соның ауруының иесі, – дейді ишан.

Діни мифологиялық наным-сенімде кейбір аурулардың осы тәрізді көпке көрінбейтін иесі болады екен. Осы иесі шаңырақта қалып қойып, шаңырақ иелерін әртүрлі залалды жағдайларға душар етіп отырады. Бұған дәлел өзін-өзі себепсіз өлтіру немесе бірнеше мәрте қатарынан өлік шығу, отбасы түгелімен дертті болу мысалдарын келтіруге болады. Мұндай науқастарға Әмит ишан «көшіру» емін жасаған. Шындығында, Әмит ишанның керемет бір қасиетінің бірі – алдына қол-аяғы байлаулы келген аласұрғандар, не істеп, не қойғанын білмейтін есі ауысқандар мен меңіреу болып қалған түк сезбестер ишанның бір жеті оқып, дем салғанынан-ақ құлан-таза айығыпты.

Түрлі емдік қасиеті бар шөптерден қайнатып дәрі жасайтын тәбибтің үйі ірілі-уақты шынылар мен шишаларға толы кішігірім дәріхана іспетті болыпты. Ақмешіт, Ташкент сияқты қалалардан қажетті дәрілер алдырып отырған. Тіпті ол кісіде адам атын білмейтін, табыла бермейтін түрлі дәрілік шөптер болған. Осы дәрілермен ішкі ауруларды – асқазан, жүрек, бүйрек, өкпе демікпелерін, тамақ ауруларын, сыртқы жара, мерездерді және тағы басқаларды емдеген. Құрт ауруларға күшәлә ішкізген (Қосанов, 2019: 143).

Кеңес билігі біржола орнаған кейін Әмит ишан большевиктердің қысымына шыдамай, біршама уақыт Тәжікстанға

кетуге мәжбүр болады. Кейін 1946 жылы Байғазы Тәжібаев есімімен елге қайта оралады. Әмит ишан өмірінің соңына дейін халыққа қызмет етеді.


Ишанның бір сандық қолжазбасы бар. Көз тірісінде жұбайы Тәжігүлге кілтін беріп отырып:

– Балам арабша сауаттанып, әбден оқи алатын кезде кілтті де, сандықты да қолына бер. Оған дейін тілін білмейтіндер ішіндегі дүниені бүлдіреді. Ешкімге тигізбе! – деп ескерткен екен.

Бойынан әлі кетіп, қартайып, дүниеден озар шағында сол кездегі саясатпен «қара тізімге» ілінген өзін былайша арашалайды. Коммунистік қатаң тәртіп иелеріне хат жазып: «Шырағым, мен о дүниеге жүргелі жатырмын. Тізіміңнен мені сызып таста», – деп өз-өзін өмірден озар шақта ақтап кетеді (Қосанов, 2019: 144).

Қазіргі уақытта Әмит ишанның пайдаланған кітаптары Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі Марал ишанның қара шаңырағындағы ұрпақтарының қолында сақталған. Жоба барысында музей қызметкерлері А. Сайлау, Л. Жалғасбайқызы және Әл-Азһар университетінің оқытушысы, дінтанушы-ғалым Мәлік Төлебайдың қатысуымен араб-парсы тілдерінде жазылған 4 кітаптың жалпы мазмұндары қазақ тіліне аударылып, электронды көшірмесі музей қорына жәдігер ретінде өтті. Бұлар: имам әл-Баззазия, имам әл-Махбуби, имам әл-Кидани және башқұрт қайраткері Мұхаммед Мұрад Рәмзидің еңбектері.

«Талфик аль-Ахбар» кітабы (сур. 5). Еңбектің авторы башқұрт ұлтынан шыққан Ислам дінінің көрнекті өкілі, тарихшы Мұхаммед Мұрад Рәмзи (1855-1934 жж.). Рәмзи аталған еңбекті 1892-1907 жж. аралығында жазып бітіреді. Троицк қаласындағы Расулия медресесінің




Сур. 5. «Талфик аль-Ахбар» кітабы. Орынбор баспасы. 1908 ж.

ректоры, ұлты башқұрт Шейх Зайнулланың қаржылай демеушілігімен Орынборда 1908 жылы «Каримов, Хусаинов және К» баспаханасында жарық көреді. Көп ұзамай билік тарапынан «Автордың христиандар әлеміне және жалпы орыстың бәріне арам пиғылы және жеккөрушілік қатынасы» деген желеумен тәркіленеді. Алайда, кедергілерге қарамастан кітап Шығыс елдеріне тез тарайды. Көлемі – 270 бет. Кіріспеде түркілердің шығуы мен даму тарихы және олардың көршілермен қарым-қатынасы баяндалады. Бірінші бөлімінде Еділ Бұлғариясының тарихы

және оның моңғолдар жаулап алғанға дейінгі халқы сипатталады. Екінші бөлімінде моңғол шапқыншылығы, Алтын Орданың құрылуы және олардың Исламды қабылдау тарихы қамтылады. Үшінші бөлімінде орыс патшасы Иван Грозныйдың Қазанды жаулап алуына дейін және оның кезінде болған оқиғаларды сипаттайды. Төртінші бөлімде орыстар татар-башқұрт халқын жаулап алған сәттен бастап, қазіргі уақытқа дейінгі Қазан және оның тұрғындарымен байланысты оқиғалар айтылады. Сонымен қатар, Мұрад Рәмзи жұмысының соңғы бөлімінде өз заманының жүзге жуық қоғамдық, саяси, діни, мәдени қайраткерлері туралы қысқаша биобиблиографиялық ақпарат береді.

«Аль-Джами Уальджуз» кітабы (сур. 6). Кітаптың авторы XIV-XV ғғ. өмір сүрген ұлты түркі Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Жихаб ибн Юсуф әл-Кердери Хауарезми, лақап аты – «Имам әл Бәззазия». Кейбір зерттеушілердің пікірінше, ғалым Арал өңірінен шыққан. Юсуф әл-Кердери – Ханафи ағымының ұлы ғұламасы. Ғалым сол кезеңде Осман империясына бағынышты Қырым, Болгария және Сауд Арабиясында өмір сүрген. Кітап 6 томнан тұрады. Кейінгі баспаларда 2 томға біріктірілген. Кітаптың көлемі – 256 бет. XX ғасырдың басында Египеттегі әл-Халаби баспасынан жарық көрген. Кітаптың негізгі мазмұнына Ханафи ағымының шарият заңдары, фикһ мәселесі, Ислам ғұламаларының, оның ішінде Имам Әбу Юсуф (731-798 жж.), имам Хасан аш-Шайбанидің (749-805 жж.) діни пәтуалары, намаз, зекет, ораза, қажылық, неке, талақ, құлды босату, сауда-саттық туралы, жалға алу, қазылардың әдебі, куәлік беру, қылмысты мойындау, жазалау, өсиет, мұрагерлік, өкілдік,



Сур. 6. «Аль-Джами Уальджуз» кітабы.
Каир баспасы. XX ғ.

жетімді асырау, татуласу, қарызға алу, сыйлық алу, бірлестіктер құру, құрбан шалу, аң аулау шарттары т.б. кірген.

«Хуласи аль-Кидани» кітабы (сур. 7). Діни еңбектің авторы XIV ғасырда өмір сүрген көрнекті ғалым Лутфулла ән-Насафи әл-Кидани. Ғалым Өзбекстанның бұрынғы Насаф (қазіргі Қаршы қаласында) дүниеге келіп, 1349 жылы дүниеден өтеді. Лутфулла моңғолдар кезінде бірте-бірте жоғалып бара жатқан фикһ ілімін жандандыруға тырысқан. Сол себепті де ол еңбектерінде ғибадат мәселелерін көбірек сөз еткен. Кітаптың көлемі – 140 бет. 1893 жылы Ташкент



Сур. 7. «Хуласи аль-Кидани» кітабы.
Ташкент баспасы. 1893 ж.



Сур. 8. «Мұхтасар әл-уахая фи масаил әл-хидая» кітабы.
Қазан баспасы. 1896 ж.

қаласында басылған. Зерттеушілердің пікірінше әл-Киданидің еңбегі көлемді болмаса да, мазмұны терең болып саналады. Әл-Киданидің еңбегіне үш ғалым түсіндірме (шарх) берген. Біріншісі, Бадруддин ибн Ибрагим әл-Астарханди, екіншісі Мұхаммед Әмин ибн Мұхаммед Хусейн әл-Хасими, үшіншісі – белгісіз. Бұл еңбекті көбінесе Үндістан мұсылмандары пайдаланған.

«Мұхтасар әл-уахая фи масаил әл-хидая» кітабы (сур. 8). Кітаптың авторы XIII-XIV ғғ. өмір сүрген самарқандық ғалым Убайдулла бин Масуд бин Махмуд бин Ахмад әл-Махбуби (қайтқан жылы 1346 ж.). Ислам әлемінде ғалымды

«Содруш-шариаһ», яғни «заңның төресі» деп атаған. Бұл еңбек Убайдулланың атақты шығармасы саналады. Көлемі – 100 бет. Кітап 1895 жылы Санкт-Петербург қаласында арнайы цензурадан өтіп, 1896 жылы Қазан императорлық университетінің типо-литографиясында жарық көрген.

Кітапта Ханафи ағымы бойынша мұсылмандардың күнделікті өмір сүру ережелері баяндалған. Кітап 49 бөлімнен тұрады, негізгілері – «тазалық кітабы», «дұға кітабы», «зиярат кітабы», «неке кітабы», «талақ кітабы» және «татуласу кітабы». Кітаптың ерекшелігі фикһтың барлық тармағы қамтылып, жаттауға

арналған. Жарық көргеннен бері Орта Азия медреселерінде шәкірттердің білімін ұштап келе жатқан оқулық болып табылады.

Қалжан ахун мұрасы

2004-2005 жж. мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша музей қорына Сыр бойындағы діни қайраткерлер пайдаланған біршама сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар жинақталған болатын. Жоба барысында Қалжан ахунның музей қорына жинақталған «Халабисағир», «Мултака әл-абхур», «Хадиййат ас-салук фи шарх тухфат аль-мулюк» атты кітаптарының жалпы мазмұны зерттелді.

Қалжан ахун (Қалмұхаммед) 1862 жылы Қарақалпақстанда дүниеге келген. Қалжан ахунның әкесі Бөлекбай жігіт кезінде Қарақалпақстандағы туыстарына келіп, сол жерде үйленіп қалып қояды. Кейін Қарақалпақ жеріндегі қазақтарға басшылық жасайды. Қалжан ахун Хиуа хандығындағы діни мектепте, кейін 1879 жылы Бұқарадағы Көкілташ медресесінде оқып білім алады. Араб, парсы тілдерін жетік меңгереді. Сыр бойынан барған Ораз ахун Бекетайұлымен сырлас дос болады. Қалжан ахунның білімдарлығын танып-білген Ораз ахун оған қызы Зәйтекті қосып, 1890 жылы шыққан тегі бір табындардың ортасына (Жалағаш өңірі) алып келеді (Қосанов, 2019: 128).

Мынадай аңыз әңгіме бар: Бірде атақты Бұқарбай батыр қатты күйзеліпті. Отанының еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін Кенесары бастаған Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы шайқастарда көп қан төккенін айтып, ахунға жүгінеді: «Олардың жазықты-жазықсыз екенін айыра алмадым. Алла менің бұл ісімді, күнәларымды кешіре ме? Соны білгім келеді...».

Сонда Қалжан ахун батырдан: «Өміріңізде біреуге істеген жақсылығыңыз болды ма?» – деп сұрайды.

Сонда батыр түздегі өрт кезінде кішкентай баланы қалай құтқарғанын, қос ғашықты өлімнен қалай арашалап қалғанын, өз өмірін ажал қаупіне тігіп, суға батып бара жатқан адамды өлімнен қалай құтқарып қалғанын айтады.

– Сіздің осы істеген жақсылығыңыз бұрынғы күнәңізді Алла Тағаланың кешіруіне жетіп жатыр, – дейді ахун.

Қалжан ахун астролог та болған: ауа райын, табиғаттың өзгерістерін алдын ала болжайды екен. Кейде тек өзіне ғана белгілі күндерінде ол жұлдыздардың ағысын немесе жылжуын бақылап, көк аспанды зерделеу арқылы түндер бойы кірпік қақпайды екен.

1914 жылы болған деседі. «Адам адамды жейтін заман келе жатыр», – депті.

Кейіннен осыны есіне алған қарттар:

– Осы заманды айтқан екен ғой, – дейтін қапалана.

Жұрттың айтуынша Сыр өңіріне белгілі болған Қайқы батыр Ұзақұлы (1845-1918 жж.) өлерінде:

– Мені Қалжан ахунның мазаратына кіреберістегі жерге жерлеңдер, өйткені оны көзі тірісінде қорғаған едім, өлгеннен кейін де моласын күзетейін, – депті.

«Қалжан ахунға Құнанбай келіпті» деген ел аузындағы аңыздың бірі былай баяндалады.

Құнанбай қажылық парызын өтемекке Меккеге жиналыпты. Бұл сапарға дала кемеңгері үш жыл дайындалған екен. Алыс-жақын туған-туысқа барып, аманатын жүктеп, артық-кемі болса кешірім сұрайды. Құнанбайдың жанында Аппаз бен Мырқы деген Жаппас елінің атақты байлары жүреді. Сол кезеңдегі Қытай

тауарларын Қырым мен Еуропаға, Еуропадан келген тауарларды Қытайға кіргізіп отырған қазақтың байлары болған.

Құнанбай қажылыққа дайындалып жүрген шақта Аппаз бен Мырқы:

– Ау, Құнеке, үлкен сапарға барайын деп жатырсыз. Мына жақта ғұламалардың шаңырағы – Түркістан, арғы шеті Сырдың бойында бір қауым ел бар. Сол жақтағы ағайын-туысқа барып, ғұламалардың батасын алайық, – депті.

Содан Құнанбай Ақмешіт өңіріне келеді. Бұл жерде көрнекті діни қайраткер Әбдіраман қожа:

– Ау, Құнеке, Сырдың бойында Қалжан ахун деген жас жігітіміз бар. Өте білімді. Енді ғана медресені бітіріп келген, өзінің мешіт-медресесі бар. Егер шарифаттан көкейіңізде жүрген сұрақтарыңыз болса, сол жігіттен сұраңыз, – деп жол нұсқайды.

Осыдан соң Құнанбай атына сырттай қанық Қалжан ахун ауылына ат басын бұрады. Құнанбайды жігіттермен бірге Қалжан ахун мен Бозжан би күтіп алады. Құнанбайдың құрметіне ас беріледі. Астан соң аға сұлтанның қасындағы жігіттер шарифаттан, қажылық рәсімдері жөнінде сұрақтар қояды. Қалжан ахун еш мүдірместен жауап беріп отырады. Бағанадан бері байқап отырған Құнанбай кеш батқан кезде:

– Ау, шырағым, Қалжан, баратын жеріміз алыс. Сен бізге шарифаттан үлкен өнеге айттың, Алла разы болсын! Біз тұралық, бата беріңдер! Батаны, Қалжан шырағым, сен бересің және батаны берген кезде «менің сүйегім Меккеде қалсын» деп бересің. Иләһи әмин! – дейді.

Таңнан кешке дейін Құнанбайдың бүкіл сұрағына мүдірместен жауап беріп отырған Қалжан ахун ұмтылып барып іркіледі. Батада «өл» деген жүрмейді,

ал Құнанбай «сүйегім Меккеде қалсын» деп бата бер дейді. Қалжан ахун іркіліп қалған кезде қасындағы Бозжан би:

– Ау, шырақтарым, бұған кідіріп болмас. Бұл батаны біз берейік, Құнанбай қажы ер тілегі қабыл болса – Меккеде қалсын, ел тілегі қабыл болса – аман-есен елге оралсын, – деп бата беріпті. Бұған Құнанбай қатты риза болып, батасын беріп, үйден шығады (Қосанов, 2019: 131).

Қалжан ахун ширек ғасыр бойына өзінің атымен аталатын мешітте имам болады. Ол Ресей империясы тарапынан қудалауға ұшырап, түрмеге қамалады. Кейін дүниеден өткеннен кейін өз мешітінің жанындағы қорымға жерленеді (Әбдіғалиұлы, 2019: 309).

«Халабисағир» (Кіші Сағир) кітабы (сур. 9). 2006 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында музей қорына қабылданған. Кітаптың көлемі – 210 бет. 1898 жылы Стамбул қаласында жарық көрген. Түгендеу нөмірі – 6690/3¹. Дінтанушы-ғалым Мәлік Төлебайдың айтуынша кітаптың толық аты «Мұхтасарлы Гуниетил-муттамали». Кітапта намаздың шарттары мен парыздары, дәрет алуға байланысты парыздар, сүннеттер, үлкен тазалық, кіші тазалық бөлек баптар ретінде түсіндірме жасайды. Сонымен бірге имамдыққа арналған бөлімдері, жаназа шарттары, соңында діни мәселелер қарастырылған.

«Мултака әл-абхур» (Теңіздердің қосылуы) кітабы (сур. 10). 1517 жылы Стамбул қаласында жарық көрген Әл-Халабидің бұрынғы төрт заңгердің еңбегіне негізделген анықтамалығы. Кітаптың көлемі – 108 бет, XIX ғасырдың аяғында Стамбул қаласында жарық көрген. Музей қорына 2006 жылы тіркелген. Түгендеу нөмірі – 6690/2.¹ Кітап XIX ғасырдағы Осман

¹Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры, Түсім кітабы №18



Сур 9. «Халабисагир» кітабы. Стамбул баспасы. 1898 ж.



Сур. 10. «Мултақа әл-абхур» кітабы. Стамбул баспасы. XIX ғ.

империясындағы саяси реформаларға дейінгі қолданылған заңдарының негізі болды. Кітапта мемлекеттік қызметтің барлық салаларына байланысты, соның ішінде діни тәжірибе, отбасылық қарым-қатынас, мұрагерлік, коммерциялық мәмілелер және қылмысты жазалау ережелері қамтылған. Бұл кітап еуропалық ғалымдардың да қызығушылығын тудырып, 1882 жылы А. Совер француз тіліне аударды.

Жоғарыда аталған кітаптардың авторы Бурхан ад-Дин Ибраһим ибн Мұхаммед ибн Ибраһим әл-Халаби (1460-1549 жж.). Әл-Халаби 1460 жылы Алеппо қаласында дүниеге келген. Алғашқы діни білімді Алеппода, қосымша білімді Дамаскіде, сонымен бірге Бурхан әл-Рухауи сынды бірқатар көрнекті ғалымдардан дәріс алады.

XV ғасырдың аяғында оқуын жалғастыру үшін Мамлюк сұлтандығының астанасы Каирге көшеді. Каирде ол ханафи фикһы бойынша әл-Азһар университетінде лекцияларға қатысады. Ол сондай-ақ тәпсір және хадис зерттеулерімен ерекшеленген атақты ғалым Жалал ад-Дин ас-Суютиден білімін жетілдіреді.

1500 жылы әл-Халаби Осман империясының астанасы Стамбулға қоныс аударды. Оның ғылыми біліктілігі көп ұзамай танылып, беделді Фатих мешітіне жоғары қызметке тағайындалғанға дейін имам және хатиб қызметтерін атқарады. Сондай-ақ Ғажайып Сүлеймен сұлтанның тұсында ол шейх әл-Ислам Сади Челеби құрған жаңа Дарул-Курра «Қарилар үйіне» ұстаз болып тағайындалады. Стамбулда әл-Халабидің ең әйгілі «Мултака әл-Абхур» еңбегі дүниеге келеді.

Әл-Халаби өмірінің көп бөлігін Стамбулда өткізіп, замандастарының арасында өз замандастарының

арасында ең ірі заңгерлерінің бірі ретінде зор беделге ие болған. Аустриялық дипломат және тарихшы Джозеф фон Хаммер-Пургшталь (1774-1856 жж.) әл - Халабиді Осман империясының алтын ғасырындағы атақты он заңгерінің қатарына қосады.

«Хадиййат ас-салук фи шарх тухфат аль-мулюк» кітабы (сур. 11). Кітаптың авторы Мұхаррам ибн Мұхаммед аз-Зайли (1592 жылы дүниеден өткен). XVI ғасырда Осман империясында Әбуләйіс деген атпен белгілі ғұламалардың бірі болып саналады. Кітаптың көлемі – 132 бет. 1894 жылы Санкт-Петербург қаласында арнайы цензурадан өтіп, Қазандағы «Чирков мұрагерлері» типолитографиясында жарық көрген. Музей қорына 2006 жылы тіркелген. Түгендеу нөмірі – 6600². Осыған дейін татар баспаларында 30 рет басып шығарылған. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек аталған еңбектің алғашқы нұсқасының авторы XIII ғасырда өмір сүрген ғалым Зайн-ад-дин Мұхаммед ибн Әбу Бәкір ар-Рази (1267 жылы дүниеден өткен). Ол кезде кітап «Тухфат аль-Мулюк» (Патшалардың кереметі) деп аталады. Кітап мазмұнында ханафи мазхабының құлшылық және ғибадатқа байланысты фикһы қамтылады. Кейін Мұхаррам ибн Мұхаммед аз-Зайли бұл еңбекке түсіндірме беріп «Хадиййат ас-салук фи шарх тухфат аль-Мулюк» деген атаумен мұсылмандарға түсінуге оңайландырып қайта жариялайды. Кітапқа дінге байланысты жеңіл тәртіппен күнделікті құлшылыққа байланысты және ораза, зекет, намаз, жиһад, қылмыс мәселелері, сонымен бірге мұрагерлік мәселелері енгізілген. Бұл еңбек Ислам әлемінде үлкен сұранысқа ие болады.

²Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры, Түсім кітабы №18



Қорытынды

Қорыта айтқанда, XIX-XX ғғ. Сыр бойында көптеген діни қайраткерлер Исламды насихаттай отырып, ел ісіне де араласып отырды. Олардан қалған дүниелер қазіргі уақытта ұрпақтарының қолында, жоба аясында Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы, Әмит ишан (Абдулхамид) Әбдірахманұлы, Қалжан ахун (Қалмұхаммед) Бөлекбайұлы ұрпақтары мен музей қорында сақталған араб, парсы, шағатай тілдерінде жарық көрген кітаптар зерттелуімен қатар электронды көшірмесі алынып, музей қоры толықтырылуда. Жоба бойынша алдағы уақытта Сыр бойындағы әлі де қаншама діни-ағартушылардан қалған жәдігерлердің құпиясы ашыла түсетіні анық.

Сур. 11. «Хадийат ас-салук фи шарх тухфат аль-мулюк» кітабы.
 Қазан баспасы. 1894 ж.

Әдебиеттер

1. Қосанов С., Оңғарбаев А. Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар. Қ., 2019. 423 б.
2. Сайлау А. Тапал ахуннан жеткен жәдігерлер. Сыр бойы газеті № 42-43. 2023 ж.
3. Жалғасбайқызы Л. Әмит ишаннан қалған қазына. Сыр бойы газеті №81. 2023 ж.
4. Әбдіғалиұлы Б. Қасиетті Қазақстан. III т. Н., 2019. 377 б.

References

1. Qosanov S., Oñgarbaev A. Syr boiynyñ sakraldy eskertkişteri: mifter, aңызdar, hikaiattar. Q., 2019. 423 b.
2. Sailau A. Tapal ahunnan jetken jädigerler. Syr boiy gazeti №42-43. 2023 j.
3. Jalğasbaiqyzy L. Ämit işannan qalğan qazyna. Syr boiy gazeti №81. 2023 j.
4. Äbdığaliüly B. Qasietti Qazaqstan. III t. N., 2019. 377 b.

***Сайлау А.¹, Жалғасбайқызы Л.¹**

Кызылординский областной историко-краеведческий музей

Казахстан, Кызылорда

*e-mail: askhat.saylau@mail.ru

ЦЕННОСТИ ИСЛАМА РЕГИОНА СЫРДАРЬИ

Аннотация. В научной статье приведены данные об общем содержании книг на арабском, персидском, чагатайском языках, использованных занимавшим свое место в суфийском направлении Ислама Тапалом ахун (Нурмухаммед) Кадырулы (1848-1921 гг.), прямым потомком Марала ишана Курманулы - Амитом (Абдулхамид) ишаном Абдрахманулы (1905-1961 гг.), пользовавшимся большим авторитетом в казахской степи в XIX-XX вв. Калжаном ахун Булекбайулы (1862-1916гг.). Эти работы будут исследованы сотрудниками музея в 2023 году в рамках проекта Кызылординского областного историко-краеведческого музея «Комплексное изучение наследия религиозных просветителей низовий Сыра» и в дальнейшем будут введены в научный оборот. Это хранившиеся у частных лиц и в фонде музея книги Мухаммеда Мухиуддина Аурангзеба Аламгира «Фатауа Аламгир», Масуда ибн Махмуда ибн Юсуфа ас-Самарканди «Салоти Масуди», Сагди Ширази «Гулстан», Шейха Али аль-Кари «Джам'аль-уасайль фи шарх аш-Шамаиль», Мухаммеда Мурада Рамзи «Талфик аль-Ахбар», Имама аль-Базазия «Аль-Джами Уальджуз», Лутфуллы ан-Насафи аль-Кидани «Хуласи аль-Кидани», Убайдуллы аль-Махбуби «Мухтасар аль-уахая фи масаил аль-хидая», Аль-Халаби «Халабисагир», «Мултака аль-Абхур», Мухаррама ибн Мухаммеда аз-Зайли «Хадиййат ас-салук фи шарх тухфат аль-мулюк».

Ключевые слова: Тапал ахун, Амит ишан, Калжан ахун, Салоти Масуди, Гулстан, Талфик аль-Ахбар

***Sailau A.K.¹, Zhalgasbaikyzy L.¹**

Kyzylorda Regional Museum of History and Local Lore,

Kyzylorda, Kazakhstan

*e-mail: askhat.saylau@mail.ru

ISLAMIC VALUES OF THE SYR REGION

Abstract. In this scientific article given information about the general content of books in Arabic, Persian, Chagatai languages used by the Tapal Akhun (Nurmukhamed) Kadyruly (1848-1921), who took his place in the Sufi direction of Islam; a direct descendant of Maral Ishan Kurmanuly - Amit (Abdulhamid) Ishan Abdrakhmanuly (1905-1961); Kalzhan Akhun Bulekbayuly (1862-1916), who had great authority in the Kazakh steppe in the XIX-XX centuries. These works will be studied and further put into scientific circulation by the museum staff in 2023 within the framework of the project of the Kyzylorda Regional Museum of local lore "comprehensive study of the heritage of religious educators in the Syr". These are "Fataua Alamgir" by Muhammad Mukhuddin Aurangzeb Alamgir, "Saloti Masoodi" by Ibn Mahmud ibn Yusuf al-Samarkandi, "Gulstan" by Sagdi Shirazi, "Jam' Al-wasail Fi Sharh Al-Shamail" by Sheikh Ali Al-Kari, "Talfik Al-Ahbar" by Muhammad Murad Ramsay, "Al-Jami waljuz" by Imam al-Basasia, "Hulasi Al-Kidani" by Lutfullah Al-Nasafi Al-Kidani, "Muhtasar Al-Wahaya Fi Masail Al-Hidaya" by Ubaydullah Al-Mahbubi, "Halabisagir", "Multaka Al-abhur" by Al-Halabi, "Hadiyat Al-Saluk Fi Sharh Tuhfat Al-Muluk" by Ibn Muhammad Al-Zaili.

Keywords: Tapal Akhun, Amit Ishan, Kalzhan Akhun, Masudi Saloti, Gulstan, Talfiq al-Akhbar

Авторлар туралы мәлімет:

1. **Сайлау Асхат Қожагелдіұлы**, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғалым-хатшысы, тарих магистрі, Қазақстан, Қызылорда.
2. **Жалғасбайқызы Ләззат**, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері, Қазақстан, Қызылорда

Информация об авторах:

1. **Сайлау Асхат Қожагелдиевич**, ученый-секретарь Кызылординского областного историко-краеведческого музея, магистр истории, Казахстан, Кызылорда.
2. **Жалғасбайқызы Лаззат**, научный сотрудник Кызылординского областного историко-краеведческого музея, Казахстан, Кызылорда.

Information about authors:

1. **Askhat Kozhakeldiuly Sailau**
Master of Historical Sciences, scientific secretary of the Kyzylorda Regional Museum of History and Local Lore, Kyzylorda, Kazakhstan
2. **Lazzat Zhalgasbaikyzy**, Researcher of the Kyzylorda Regional Museum of History and Local Lore, Kyzylorda, Kazakhstan